

КЕЛІСІЛДІ

«22 мектеп-интернат»

Шағын орталығының әдіскері

 Е.М.Журавлева

«12» 09 2026 ж.



«22 мектеп-интернат»

Шағын орталығының директорының м.а.

Н.В.Пасюнина

«08» 09 2026 ж.

22 ШМИ» КММ жанындағы шағын орталықтың кеңес беру пункті туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1.1. Үй жағдайында тәрбиеленіп отырған мектепке дейінгі жастағы балалардың ата-аналарына (занды өкілдеріне) арналған консультациялық пункт мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мектепке дейінгі ұйымдар (бұдан әрі – МДҰ) базасында ұйымдастырылады.

1.2. Кеңес беру пункті мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін бағдарламасын іске асыратын мектепке дейінгі білім беру ұйымының құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

1.3. Кеңес беру пункті мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын 6 (7) жасқа дейінгі балалардың ата-аналарына (занды өкілдеріне) арналып құрылады.

1.4. Осы Ереже мектепке дейінгі ұйым базасында жұмыс істейтін консультациялық пункттердің қызметін реттейді.

1.5. Консультациялық пункттер мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен дамытуда отбасына көмек көрсетудің бір түрі болып табылады.

1.6. Үй жағдайында тәрбиеленіп отырған мектепке дейінгі жастағы балалардың ата-аналарына (занды өкілдеріне) арналған консультациялық пункттің қызметі ақысыз негізде жүзеге асырылады.

2. Кеңес беру пункттің қызмет ету мақсаты мен міндеттері

2.1. Кеңес беру пункті отбасылық және қоғамдық тәрбиенің бірлігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету, үй жағдайында мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға консультациялық-әдістемелік көмек көрсету, балалардың жан-жақты дамуын қолдау, балабақшаға бармайтын балалардың тұлғалық дамуына жағдай жасау мақсатында құрылады.

2.2. Кеңес беру пункттің негізгі міндеттері:

- мектепке дейінгі жастағы баланың жан-жақты дамуы мәселелері бойынша ата-аналарға (занды өкілдерге) әдістемелік көмек көрсету, мектепке дейінгі жастағы балалардың әлеуметтенуіне ықпал ету;
- ата-аналарға (занды өкілдерге) баланы туғаннан бастап 6 (7) жасқа дейін тәрбиелеу және оқытуға қатысты әртүрлі мәселелер бойынша консультациялық көмек көрсету;
- ата-аналарға (занды өкілдерге) диагностикалық көмек көрсету, мектеп жасына дейінгі балалардың дамуындағы мәселелерді анықтау және диагностикалау;

- мектепке дейінгі жастағы балалардың дене, психикалық және әлеуметтік дамуындағы әртүрлі ауытқулардың алдын алу;
- үй жағдайында мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға (заңды өкілдерге) ақпараттық қолдау көрсету.

3. Кеңес беру пункттің қызметін ұйымдастыру

3.1. Кеңес беру пункт қызметі шеңберінде:

Диагностикалық көмек:

- баланы психологиялық-педагогикалық тұрғыдан зерделеу;
- баланың жеке ерекшеліктері мен бейімділіктерін, оның әлеуетті мүмкіндіктерін анықтау;
- баланың дамуындағы және әлеуметтік бейімделуіндегі бұзушылықтардың себептері мен механизмдерін анықтау;
- баланы одан әрі дамыту және тәрбиелеу бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Консультациялық көмек:

- психологиялық, әлеуметтік және педагогикалық кеңес беру;
- ата-аналарды баланың физиологиялық және психологиялық даму ерекшеліктері туралы ақпараттандыру;
- тәрбиелік ықпал етудің негізгі бағыттары туралы түсіндіру;
- дағдарыстық жағдайларды еңсеру бойынша кеңес беру.

Әдістемелік көмек:

- ата-аналардың (заңды өкілдердің) педагогикалық сауаттылығын арттыру;
- туындайтын отбасылық мәселелердің алдын алуға бағытталған педагогикалық әдістер мен тәсілдер туралы ата-аналарға ақпарат беру;
- ата-аналардың педагогикалық мәдениетін қалыптастыру;
- отбасындағы жағымды қарым-қатынастарды қалыптастыру;
- баланың жеке даму ерекшеліктеріне негізделген түзету және дамыту технологияларымен таныстыру;
- ата-аналарды отбасы жағдайында тәрбиелік үдерісті ұйымдастыруға үйрету.

3.2. Кеңес беру пункті қызметінің негізгі нысандары:

- ата-аналардың (заңды өкілдердің) сұраныстары бойынша жеке және топтық консультациялар өткізу;
- жазбаша өтініштер бойынша сырттай кеңес беруді ұйымдастыру;
- ата-аналарға (заңды өкілдерге) арналған дәрістер, теориялық және практикалық семинарлар ұйымдастыру;
- МДҰ сайтында ақпарат орналастыру арқылы консультациялар мен әдістемелік ұсынымдар беру;
- мектепке дейінгі ұйым мамандарының мектеп жасына дейінгі балаларға диагностикалық тексеру жүргізуі.

3.3. Кеңес беру пункті ата-аналарға (заңды өкілдерге) келесі мәселелер бойынша консультациялық және әдістемелік көмек көрсетеді:

- мектепке дейінгі жастағы балаларды әлеуметтендіру;

- балалардың жас ерекшеліктері және психофизиологиялық ерекшеліктері;
- ойын әрекетін ұйымдастыру;
- балалардың тамақтануын ұйымдастыру;
- балаларды шынықтыру және сауықтыру үшін жағдай жасау;
- білім беру бағдарламасын таңдау.

3.4. Кеңес беру пункті ата-аналарға (заңды өкілдерге) келесі мәселелер бойынша диагностикалық көмек көрсетеді:

- балалардың мектепке дейінгі ұйым жағдайына бейімделуі;
- мектепте оқуға дайындық;
- баланың тұлғалық дамуы мен қабілеттерінің ерекшеліктері;
- мектепке дейінгі жастағы балалардың дене, психикалық және әлеуметтік дамуындағы әртүрлі ауытқулардың алдын алу.

3.5. Әдістемелік, диагностикалық және консультациялық көмек мамандардың: тәрбиеші, аға тәрбиеші, басшы, медицина қызметкері, психолог, логопед және басқа да мамандардың қызметін кіріктіру негізінде жүзеге асырылады. Кеңес беру пункт жұмысына тартылатын мамандардың саны мектепке дейінгі ұйымның түрі мен кадрлық құрамына байланысты анықталады.

3.6. Кеңес беру пункттің қызметін тіркеу үшін келесі құжаттамалар жүргізіледі:

- ата-аналарды алдын ала тіркеу журналы;
- өткізілген іс-шаралардың кестесі және қатысу журналы;
- кеңес беру пункттің жұмыс жоспары;
- кеңес беру пункттің жұмыс кестесі;
- жылдық жұмыс талдауы.

3.7. Кеңес беру пункттің жұмыс кестесін мектепке дейінгі ұйымның басшысы бекітеді.

4. Кеңес беру пунктті басқару және басшылық ету

4.1. Кеңес беру пунктке тікелей басшылықты мектепке дейінгі ұйымның басшысы жүзеге асырады.

4.2. Мектепке дейінгі ұйымның басшысы консультациялық пункттің әрбір қызметкерінің лауазымдық (функционалдық) міндеттерін айқындайды.

5. Кеңес беру пунктке қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

5.1. Кеңес беру пунктте жүзеге асырылатын білім беру үдерісінің қатысушылары балалар, ата-аналар (заңды өкілдер) және мектепке дейінгі ұйымның педагог қызметкерлері болып табылады.

5.2. Кеңес беру пунктке қатысатын әрбір баланың құқықтары мен әлеуметтік кепілдіктері БҰҰ-ның бала құқықтары туралы конвенциясына, қолданыстағы заңнамаға, сондай-ақ кеңес беру пункт қызметі ұйымдастырылған мектепке дейінгі ұйым мен баланың ата-аналары (заңды өкілдері) арасында жасалған шартқа сәйкес айқындалады.

5.3. Кеңес беру пункттің әрбір қызметкерінің құқықтары, әлеуметтік кепілдіктері мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасына, консультациялық пункт ашылған мектепке дейінгі ұйымның Жарғысына, жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы еңбек шартына және лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес айқындалады.